



Бекітемін:

«Төміріс» жеке бөбекжайының
меңгерушісі С.К.Даулетова

«Төміріс» жеке бөбекжайының 2024–2025 жылына сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша іс-шаралар жоспары

Мақсаты: бөбекжай педагогтары мен ата-аналарды жемқорлыққа қарсы күресуге баулу.

р/н	Іс-шаралар атаулары	Орындалу уақыты	Жауаптылар
1	2024–2025 оқу жылының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі талаптарымен таныстыру. Ата-аналардан заңсыз ақша қаражатын жинауға жол бермеу және қызметтік әдеп талаптарын сақтау.	Қыркүйек	Меңгеруші С.К.Даулетова
2	«Жемқорлықсыз қоғамға қадам» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу. Педагогикалық ұжым арасында «Жемқорлықсыз Қазақстан» тақырыбында диктант жаздыру қорытындысы.	Қараша	Меңгеруші С.К.Даулетова Әдіскер А.С.Жумашева
3	Жаднама «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» туралы	Қараша	Әдіскер А.С. Жумашева Тәрбиешілер
4	«Сенім жәшігі» туралы ата-аналарға ақпарат беру.	Үнемі	Әкімшілік
5	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-шаралар жоспарының орындалуы бойынша талдау және есебін жүргізу	Мамыр	Меңгеруші С.К.Даулетова Әдіскер А.С. Жумашева

«Томирис» жеке бөбекжайының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл»
тақырыбында ұйымдастырылған жиналыстың хаттамасы №1

Өткізілген күні: 13.09.2024 жыл

Өткізілген түрі: Жиналыс

Қатысқандар: 8 адам

Күн тәртібі

1.Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі талаптарымен таныстыру.

2.Ата-аналардан заңсыз ақша қаражатын жинауға жол бермеу және қызметтік әдеп талаптарын сақтау.

Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша төрайымы А.С.Жумашева Қ.Р «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі талаптарымен таныстырды. Ол сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, заң талаптарын сақтау, адалдық пен ашықтық қағидаларын ұстану әрбір қызметкердің міндеті екенін атап өтті. Сонымен қатар педагогтердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру бағытында жүргізілетін жұмыстарға тоқталды.

Екінші мәселе бойынша хатшы Д.Нугманова ата-аналардан заңсыз ақша қаражатын жинауға қатаң тыйым салынатынын түсіндірді. Ол Қ.Р қолданыстағы заңнамасына сәйкес ата-аналардан қандай да бір қаржы немесе материалдық көмек талап етуге жол берілмейтінін айтып, педагогтерге қызметтік әдепті сақтау, ата-аналармен ашық әрі заң аясында жұмыс жүргізу қажеттігін ескертті.

Жарыссөз:

Б.М.Муратова – тәрбиеші. Педагогтердің заң талаптарын сақтауы мен ата-аналармен қарым-қатынаста ашықтық қағидаларын ұстануы білім беру ұйымының беделін арттыратынын айтып, күн тәртібіндегі мәселелерді толық қолдайтынын білдірді.

Шешімі:

1.Қ.Р «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптары барлық педагогтердің назарына алынсын және қызмет барысында басшылыққа алынсын.

2.Ата-аналардан заңсыз ақша қаражатын жинауға жол берілмесін.

Төрайымы:

А.С.Жумашева

Хатшы:

Д.Нугманова



«Томирис» жеке бөбекжайының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында ұйымдастырылған жиналыстың хаттамасы №2

Өткізілген күні: 27.11.2024 жыл

Өткізілген түрі: Дөңгелек үстел

Қатысқандар: 8 адам

Күн тәртібі

- 1.«Жемқорлықсыз қоғамға қадам» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу.
- 2.Педагогикалық ұжым арасында «Жемқорлықсыз Қазақстан» тақырыбында диктант жаздыру қорытындысы.
- 3.Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.С. Жумашева «Жемқорлықсыз қоғамға қадам» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Өз сөзінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, адалдық пен әділдік қағидаларын ұстану әрбір азаматтың міндеті екенін атап өтті. Қызметтік әдепті сақтау және сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне жол бермеу мәселелеріне тоқталды.

Екінші мәселе бойынша хатшы Д.Нугманова педагогикалық ұжым арасында өткізілген «Жемқорлықсыз Қазақстан» тақырыбындағы диктанттың қорытындысын таныстырды. Диктанттың мақсаты – педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру, мемлекеттік тілде сауатты жазу дағдыларын жетілдіру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру екендігі айтылды. Жұмыстың нәтижесі қанағаттанарлық деп танылды.

Жарыссөз: А.Ә.Омарова – тәрбиеші. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру әрбір педагогтің кәсіби және азаматтық борышы екенін айтып, іс-шараларды тұрақты ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталды.

Н.С.Кенжегалиева – тәрбиеші. Ұжымда адалдық, әділдік, жауапкершілік қағидаларын нығайту, заң талаптарын сақтау және ата-аналармен қарым-қатынас орнату – сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың жолы екенін атап өтті.

Шешімі:

- 1.«Жемқорлықсыз қоғамға қадам» тақырыбындағы дөңгелек үстел қанағаттанарлық деп танылсын.
- 2.«Жемқорлықсыз Қазақстан» тақырыбындағы диктанттың қорытындысы назарға алынсын.

Төрайымы:

А.С.Жумашева

Хатшы:

Д.Нугманова



«Томирис» жеке бөбекжайының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл»
тақырыбында ұйымдастырылған жиналыстың хаттамасы №3

Өткізілген күні: 28.05.2025 жыл

Өткізілген түрі: Жиналыс

Қатысқандар: 8 адам

Күн тәртібі

1. 2024–2025 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарының орындалуына талдау жасау.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылған жұмыстардың есебін тындау.
3. Әртүрлі мәселелер.

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша төрайымы А.С.Жумашева 2024–2025 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарының орындалуына талдау жасады. Жоспарға енгізілген іс-шаралардың уақытылы орындалғанын, педагогтер арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарының, дөңгелек үстелдердің, ақпараттық-түсіндіру кездесулерінің ұйымдастырылғанын атап өтті.

Екінші мәселе бойынша хатшы Д.Нугманова сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген жұмыстардың есебін ұсынды. Есеп барысында жылдық жоспардың орындалу деңгейі талданып, педагогтер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарының тұрақты жүргізілгені, ата-аналармен ашық байланыс орнатылғаны және заңсыз ақша жинау фактілерінің тіркелмегені айтылды. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстардың тиімділігіне оң баға берілді.

Жарыссөз: А.Х.Тулеуова – тәрбиеші. Жүргізілген жұмыстардың жүйелі ұйымдастырылғанын айтып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын алдағы уақытта да жалғастыруды ұсынды. Г.С.Наурызбекова – тәрбиеші. Ұжымда заң талаптарын сақтау, қызметтік әдепті нығайту және адалдық құндылықтарын дәріптеу МдҰ-ның сенімділігі мен беделін арттыратынын атап өтті.

Шешімі:

- 1.2024–2025 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарының орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
- 2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген жұмыстардың есебі бекітілсін.
- 3.Педагогтер арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы іс-шаралар тұрақты жалғастырылсын.

Төрайымы:

А.С.Жумашева

Хатшы:

Д.Нугманова

